

«БD011300 – Биология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Салыбекова Нурдана Нуртаевнаның «Болашақ педагог мамандардың көкөністерді зақымдайтын саңырауқұлақтарды зерттеушілік біліктігін қалыптастырудың әдістемесі» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

ПІКІРІ

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми, мемлекеттік бағдарламаларымен байланысы.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында «Білім мен ғылымды интеграциялау, оқу-тәрбие жұмысын қамтамасыз ету, жетілдіру, оқытудың жаңа технологияларын әзірлеу, енгізу білім беру ұйымдарында жүзеге асырылады»- деп көрсетілген. Сонымен қатар, Қазақстандағы ауылшаруашылық секторын өркендету мәселесі қолға алынып отырған жағдайда, көкөністерді зақымдайтын саңырауқұлақтар жайында болашақ мамандардың тиянақты білім алып, келешекте мектеп оқушыларына білім беруде онымен күресудің жодарын үйретуге дайын болуы өте тиімді жәйт. Бұл тұрғыдан алғанда да, бүгінгі қорғауға ұсынылғалы отырған тақырыптың көкейкестілігіне талас жоқ.

Бұл тақырыптың негізгі мақсаты ғылым мен практиканы байланыстыра отырып, болашақ маманды зерттеушілікке дағдыландыру, оның нәтижесін білім беру барысында қолдана білуге үйрету. Әрине, бұл болашақ маманның зерттеушілік, кәсіби әдістемелік шеберлігін қалыптастыруда басты мәселенің бірі.

Биология пәнінен мектепте де, ЖОО –да білім беру барысында кез келген нысанды зерттеу, тәжірибе жасау, бақылау осылардың нәтижелеріне сүйене отырып оқыту негізгі орын алатыны белгілі. Осындай жұмыстар арқылы біріншіден, болашақ мұғалімдер зерттеу жүргізудің теориялық-әдістемелік негізін меңгерсе, екіншіден, оның нәтижесін сабақ барысында қолдануды үйренеді.

Осы тұрғыдан алғанда ізденуші Салыбекова Нурдана Нуртаевнаның «Болашақ педагог мамандардың көкөністерді зақымдайтын саңырауқұлақтарды зерттеушілік біліктігін қалыптастырудың әдістемесі» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысы бүгінгі әлеуметтік тапсырысқа сәйкес болашақ мамандарды даярлауда өзекті мәселеге арналған.

1. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.

Зерттеу барысында ізденуші төмендегідей нәтижелерге қол жеткізген:

1. ЖОО болашақ биолог мұғалімдерді даярлау үдерісінде студенттердің көкөністерді зақымдайтын саңырауқұлақтарды зерттеуге байланысты шетелдік және отандық ғылыми еңбектерге талдау жасаған. Талдау нәтижесінде болашақ биолог мұғалімдердің осы мәселені зерттеу нәтижелерін қолданудың теориялық негіздері сараланған.
2. Болашақ биолог мұғалімдердің көкөністерді зақымдайтын саңырауқұлақтарды зерттеуде ғылыми жоба жұмыстарын ұйымдастырудың жолдары мен әдістері талданған.
3. Болашақ биолог мұғалімдердің көкөністерді зақымдайтын саңырауқұлақтарды зерттеу нәтижелерін білім беру барысында қолданудың әдістемесі ұсынылған.
4. Ұсынылған әдістеменің тиімділігі педагогикалық эксперимент арқылы тексеріліп, дәлелденген және оқу үдерісіне ендірілген.

Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі.

Бірінші нәтижесінің негізделуі және шынайылық дәрежесі - диссертанттың болашақ биолог мұғалімдердің көкөністерді зақымдайтын саңырауқұлақтарды зерттеу нәтижесін қолданудың теориялық мәселелерін саралауда нормативтік құжаттар мен ғылыми еңбектерге талдау жасай отырып негіздеген және жеке ойын тұжырымдап, теориялық тұрғыдан өзіндік қорытынды жасай білгендігінде.

Екінші нәтиженің негізделуі және шынайылық дәрежесі - болашақ биолог мұғалімдердің көкөністерді зақымдайтын саңырауқұлақтарды зерттеуде ғылыми жоба жұмыстарын ұйымдастыру жолдары мен әдістерінің ашып көрсетуінде.

Үшінші нәтиженің негізделуі және шынайылық дәрежесі – зерттеу жұмысының мазмұнын анықтауда ізденуші көкөністерді зақымдайтын саңырауқұлақтарға байланысты теориялық материалдармен қатар, олардың биологиялық, экологиялық, тіршілік ерекшеліктері, практикалық маңызы мен зиянды әсерлерін зерттеу нәтижесінде анықталған материалдарды пайдаланған. Нәтижесінде биология пәнінің мазмұнын теориялық тұрғыдан толықтырып және «Фитопатология» элективті пәнін ұсынған. Аталған пәндер мазмұнында ғылыми жоба арқылы зерттеушілік іс – әрекеттің нәтижесін қолданудың тиімді әдістері нақтыланып, әдістемесі жасалған.

Төртінші нәтиженің негізделуі және шынайылық дәрежесі – ұсынылған әдістеме тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексеріліп, нәтижелерге талдау жасалып, дәлелденуі және оның оқу үдерісіне ендірілуі зерттеу жұмысының тиімділігін көрсетеді.

- Бесіншіден, автордың зерттеу жұмысының ұтымдылығы – көкөністерді зақымдайтын саңырауқұлақтарға байланысты студенттердің зерттеу

нәтижелерінің негізінде анықталған биоэкологиялық ерекшеліктерімен қатар зиянды саңырауқұлақтардың Қазақстандық 3 түрі анықталып, олардың көкөністерді зақымдайтындығы нақтыланған.

Диссертацияда тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиженің (қағиданың) және қорытындылардың жаңалық дәрежесі.

-*Бірінші нәтиженің жаңалық дәрежесі* - жоғары оқу орындарында көкөністерге зиянды саңырауқұлақтарды зерттеу нәтижесін білім беруде қолдануға қатысты жазылған ғылыми еңбектерге жан-жақты талдаулар жасалып, болашақ биолог мұғалімдердің ғылыми-зерттеу нәтижелерін қолданудың теориялық негіздері айқындалған.

-*Екінші нәтиженің жаңалық дәрежесі* - жоғары оқу орындарындағы биологиялық білім беру мазмұнында көкөністерді зақымдайтын саңырауқұлақ түрлерінің (55 түр) биоэкологиялық ерекшеліктері нақтыланған.

-*Үшіншіден, болашақ биолог мұғалімдердің көкөністерді зақымдайтын саңырауқұлақтарды зерттеу нәтижелерін қолданудың мазмұны мен әдістемесі ұсынылып, «Фитопатология» элективті пәнінің оқу үдерісіне ендірілгендігі үшінші нәтиженің жаңалық дәрежесін* аңғартады.

-*Төртінші нәтиженің жаңалық дәрежесі* - болашақ биолог мұғалімдердің көкөністерді зақымдайтын саңырауқұлақтарды ғылыми жоба арқылы зерттеу нәтижелерін қолданудың әдістемесінің тиімділігі эксперимент жүзінде тексеріліп, дәлелденуі және нәтижелерінің қорғауға ұсынылуы қағидаларының дұрыстығын растайды.

Диссертациялық жұмыс нәтижелерінің теориялық және практикалық маңыздылығы.

Диссертациялық жұмыс нәтижесінде:

- болашақ биолог мұғалімдердің көкөністерді зақымдайтын саңырауқұлақтарды зерттеу нәтижелерін қолданудың теориялық негіздері айқындалған;

- болашақ биолог мұғалімдердің көкөністерді зақымдайтын саңырауқұлақтарды ғылыми жоба арқылы зерттеу нәтижелерін қолданудың әдістемесі берілген;

- «Фитопатология» элективті пәнінің оқу бағдарламасы, оқу-әдістемелік кешені, әдістемелік нұсқаулық дайындалған және оқу үдерісіне ендірілген;

- көкөністерді зақымдайтын саңырауқұлақтарға зерттеулер жүргізу нәтижесінде алғаш рет осылардың Қазақстанда кездесетін 3 түрінің биоэкологиялық ерекшеліктері нақтыланған;

- «Көкөністерді зақымдайтын саңырауқұлақ түрлеріне арналған зертханалық сабақтар және оларды жүргізу әдістемесі» атты оқу - әдістемелік құралы ұсынылған.

Диссертация бойынша кемшіліктер мен ұсыныстар.

Дегенмен диссертациялық жұмыстың мазмұны мен құрылымына байланысты мына төмендегідей ескертпелерді атамақпыз:

1. ЖОО биология маманын дайындауда көкөністерге зиянды саңырауқұлақтарды зерттеу нәтижесін қолданудың мәселесіне байланысты көбіне биолог ғалымдардың еңбектерінен гөрі педагог-психолог ғалымдардың еңбектеріне жүгінушіліктің басымдылығы;
2. Зерттеу мәселесі бойынша теориялық талдауда шетел ғалымдарының еңбектеріне (басым көпшілігі Ресей ғалымдары) көп сілтемелер жасалған. Біздің ойымызша, Қазақстандық ғалымдардың еңбектеріне көбірек талдау жасалса, диссертациялық жұмыс мазмұны тереңірек ашыла түсер еді.
3. Диссертация мазмұнында стилдік грамматикалық қателер кездеседі. Бұл келтірілген ескертпелер диссертацияның ғылыми құндылығын төмендетпейді.

Диссертацияның «Ғылыми дәрежелер беру қағидаларының» талаптарына сәйкестігі.

«6D011300 – Биология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Салыбекова Нурдана Нуртаевнаның «Болашақ педагог мамандардың көкөністерді зақымдайтын саңырауқұлақтарды зерттеушілік біліктігін қалыптастырудың әдістемесі» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысының ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы дәйекті, өз бетімен орындалған, жан-жақты зерттелген қолданбалы мәні бар, аяқталған жұмыс деп есептеп, оның авторын «6D011300 – Биология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Пікір жазған:
Биология ғылымдарының докторы,
ҚР БҒМ ҒК «Ботаника
және фито жерсіндіру институты»
РМК -нің профессоры

А.М. Нурушева

